

"Қызмет көрсетеу статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Тәрағасының 2014 жылғы 27 қазандағы № 24 бүйрүғына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті тәрағасының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 129 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 қыркүйекте № 12095 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті тәрағасының 2017 жылғы 8 қарашадағы № 159 бүйрүғымен

**Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті тәрағасының 08.11.2017 № 159 бүйрүғымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**РҚАО - ның ескертпесі!**

**Бүйрүқ 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 3) және 8) тармақшаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 33 бүйрүғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 3 қазанда № 9779 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті туралы ереженің 13-тармағы 9) тармақшасына сәйкес, **БҮЙРУМАНЫН:**

1) "Қызмет көрсетеу статистикасы бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті Тәрағасының 2014 жылғы 27 қазандағы № 24 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 9911 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1, 2-қосымшалар осы бүйрүқтың 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Интернет-ресурсында міндettі түрде жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық ресми жариялауға жатады және 2016 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті төрағасының  
2015 жылғы 25 тамыздағы  
№ 129-бұйрығына  
1-қосымша

Мемлекеттік статистика органдары құпиялышына кепілдік береді  
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики



Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны  
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Аумақтық статистика органына тапсырылады  
Представляется территориальному органу статистики

Статистикалық нысанды [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтынан алуға болады  
Статистическую форму можно получить на сайте [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

Статистикалық нысанды тольғы  
Время, затраченное на заполнение  
1 сағатқа дейін  
до 1 часа

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына дәйектерді ұсыну және алгашқы статистикалық деректердің бұзушылықтар болып табылады.

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы гс "Об административных правонарушениях".

Статистикалық  
нысан коды  
0621102

Код  
статистической  
формы 0621102

2 – қызмет  
көрсету  
2 – услуги

### Көрсетілген қызметтер көлемі туралы есеп

Отчет об объеме оказанных услуг

Есепті

Тоқсандық

кезең

Квартальная

Отчетный

период

Негізгі қызмет түрі Экономикалық қызмет түрлері номенклатурасының 58-60, 62, 63, 64.20.0, 68-75, 77, 78, 80-82, бөлімшелері тапсырады.

Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения, независимо от численности 77, 78, 80-82, 90-93, 95, 96.

Тапсыру мерзімі – есепті кезеңнен кейін 25 күні.

Срок представления – 25 числа после отчетного периода.

БСН коды

код БИН

1. Қызмет көрсетілген өңірді көрсетіңіз (облыс, қала, аудан)

Укажите регион оказания услуг (область, город, район)

Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне сәйкес аумақ коды (статастика органының қызметкерлерімен толтырылады)

Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (заполняется работником органа статистики)

2. Негізгі түрі бойынша көрсетілген қызмет көлемін көрсетіңіз, мың теңге  
Укажите объем оказанных услуг по основному виду деятельности, тыс. тенге

| Жол коды<br>Код строки | Наименования показателя<br>Наименования показателя                          | Барлығы<br>Всего |
|------------------------|---|------------------|
| A                      | Б   | 1                |
| 1                      | Көрсетілген қызмет көлемі<br>Объем оказанных услуг                          |                  |
| 1.1                    | одан - халыққа көрсетілген қызметтер<br>из них - услуги оказанные населению |                  |

Атауы Мекенжайы

Наименование \_\_\_\_\_ Адрес \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_  
Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_  
Адрес электронной почты \_\_\_\_\_  
Орындаушы \_\_\_\_\_  
Исполнитель \_\_\_\_\_  
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) телефоны  
фамилия, имя и отчество (при его наличии)  
Басшы \_\_\_\_\_  
Руководитель \_\_\_\_\_  
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы  
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись  
Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
Главный бухгалтер \_\_\_\_\_  
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы  
фамилия, имя и отчество (при его наличии) подпись

Мөрдін орны (бар болған жағдайда)

Место для печати (при наличии)

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитеті төрағасының

2015 жылғы 25 тамыздағы

№ 129 бүйрігіна

2-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитеті төрағасының

2014 жылғы 27 қазандағы

№ 24 бүйрігіна

2-қосымша

**"Көрсетілген қызметтер көлемі туралы есеп" (коды 0621102,  
индексі 2-қызмет көрсету, кезеңділігі тоқсандық) жалпы  
мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық  
нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы "Көрсетілген қызметтер көлемі туралы есеп" (коды 0621102, индексі 2 -қызмет көрсету, кезеңділігі тоқсандық), жалпы мемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысанды толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Көрсетілген

қызметтер көлемі туралы есеп" (коды 0621102, индексі 2-қызмет көрсету, кезеңділігі тоқсандық), жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Осы статистикалық нысанды Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің төменде келтірілген кодтарына сәйкес негізгі қызмет түрі қызмет көрсету саласы болып табылатын респонденттер тапсырады:

- 1) 58 - баспа қызметі;
- 2) 59 - кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар, фонограмма мен музыкалық жазбалар өндіру;
- 3) 60 - бағдарлама және теле-радио хабарлама жасау бойынша қызмет;
- 4) 62 - компьютерлік бағдарламалау, кеңестер беру және басқа ілеспе қызметтер;
- 5) 63 - ақпараттық қызметтердің жұмысы;
- 6) 64.20.0 - холдингтік компаниялар қызметі;
- 7) 68 - жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар;
- 8) 69 - құқық және бухгалтерлік есеп саласындағы қызмет;
- 9) 70 - бас компаниялар қызметі; басқару мәселелері бойынша кеңестер беру;
- 10) 71 - сәулет, инженерлік ізденістер, техникалық сынақтар мен талдау саласындағы қызмет;
- 11) 72 - ғылыми зерттеулер және өзірлемелер;
- 12) 73 - жарнама қызметі және нарық конъюнктурасын зерттеу;
- 13) 74 - өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет;
- 14) 75 - ветеринарлық қызмет;
- 15) 77 - жалдау, жалға беру, лизинг;
- 16) 78 - жұмысқа орналастыру;
- 17) 80 - қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тергеу жүргізу бойынша қызмет;
- 18) 81 - ғимараттарға және аумақтарға қызмет көрсету саласындағы қызмет;
- 19) 82 - әкімшілік-басқару, шаруашылық және өзге де қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет;
- 20) 90 - шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет;
- 21) 91 - кітапханалардың, мұрағаттардың, мұражайлардың және мәдени қызмет көрсететін басқа мекемелердің қызметі;
- 22) 92 - құмар ойындар және бәс тігуді ұйымдастыру қызметі;
- 23) 93 - спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет ;
- 24) 95 - компьютерлерді, түрмистық бұйымдар мен жеке тұтынатын заттарды жөндеу;
- 24) 96 - өзге де дербес қызметтер көрсету.

3. Егер құрылымдық бөлімшеге занды тұлға статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттік берсе, онда ол өзі орналасқан жердегі статистика органдарына осы статистикалық нысанды ұсынады. Егер құрылымдық бөлімшеде статистикалық нысанды тапсыру бойынша өкілеттіктері болмаса, онда занды тұлға өзі орналасқан жердегі статистика органдарына олардың аумақтарын көрсете отырып құрылымдық бөлімшелер бөлінісінде статистикалық нысанды ұсынады.

4. 1-жолда қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлемі бүтін санда көрсетіледі, "Қызметтің негізгі түрлері бойынша көрсетілген қызметтер көлемі" көрсеткіші олардың төлемінің уақытына тәуелсіз (яғни орындалған қызмет көрсетулердің көлемін есептеу аудару әдісі бойынша жүргізіледі) орындау сәтіндегі көрсетілген қызметтер құнын білдіреді.

Статистикалық байқауға жататын қызметтің негізгі түрі бойынша қызмет көрсетулердің тізбесі Қызмет көрсетудің статистикалық жіктеуішіне (бұдан әрі - ККСЖ) сәйкес көрсетіледі, Қазақстан Республикасы Статистика Агенттіктің интернет-ресурсында [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) "Жіктеуіштер" бөлімінде орналасқан.

5. Көрсетілген қызметтер көлеміне халық қаражаты және қызмет тұтынушылардың басқа санаттарының қаражаты есебінен (кәсіпорындардың меншік қаражаты және қызмет көрсетулерді төлеуге мемлекеттік бюджеттен төленген алынғандары қосылады) төленген қызмет көрсетулер қосылады.

Көрсетілген қызметтер көлеміне, оларға төлем уақыты бойынша емес, өндіріс процесіне шығу сәтіндегі қызметтерді ұсынумен байланысты барлық шығындар қосылады:

1) көліктік-дайындау шығыстарын есептегендегі негізгі материалдардың, шикізаттың құны;

2) өндірістік және басқа да қажеттіліктерге (сынақ өткізу, тәжірибе, бақылау және тағы басқалар) пайдаланылатын материалдардың және жартылай фабрикаттардың сатып алу құны;

3) қызмет көрсету өндірісі үшін пайдаланылатын отынды сату шығындары, сондай-ақ сатып алынатын энергияның барлық түрлерінің құны (электрлік, отындық, сыйылған ауа және басқа);

4) табиғи шикізатты пайдаланумен байланысты шығындар (су шаруашылығы жүйесінен алынған суға төлем, түбіріне жіберілген ағашқа төлемінің бір бөлігі);

5) бөгде субъектілермен орындалған өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызмет көрсетулер құны;

6) өзге де материалдық шығындар;

7) субъектіге меншік, жедел басқару құқығында тиесілі барлық негізгі құралдардың түрлері, сондай-ақ ұзак мерзімді жалға алынатын негізгі құралдар

бойынша амортизациялық аударымдардың есепті кезең ішінде есептілік соммасы ;

8) жалақы төлеміне шығыстар;

9) өзге де шығыстар: салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, іс-сапарлық, өкілдік шығыстар, қайырымдылық көмек және т. б.;

10) кеңестік, тергеу жүргізу бойынша және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жарнама, банк қызметтері және т.б. сияқты бөгде ұйымдармен көрсетілген қызметтер құны;

11) ағымдағы жөндеу, коммуналдық қызметтер және тағы басқалар.

Көрсетілген қызметтер көлеміне мерзімін ұзарту, оның шығарылуы мен өнімділігін арттыру мақсатында құрылышқа немесе ғимараттарға күрделі жөндеу және құрылғыларды жаңарту және машиналар мен жабдықтар жөндеу шығыстары қосылмайды (мұндай шығындар негізгі капиталға жалпы жинақтау ретінде түсіндіріледі).

6. 1.1 жолда көрсетілген халықтың жеке меншік қаражаты, көрсетілген қызметі көрсетіледі.

7. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз тасығышта немесе электронды форматта жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды форматта толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған "Деректерді он-лайн режимде жинау" ақпараттық жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

7. Арифметикалық - логикалық бақылау

1) 1-бөлім "Қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызмет көлемі туралы ақпарат":

1-баған  $\geq$  әр жол бойынша 2-баған.